

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия
отырысының**

№ 9 хаттамасы

05.05.2025ж

Басталды:10.00

Аяқталды:11.00

Қатысты:10

Қатыспады:0

Күн тәртібінде:

**1.Тамақ өнімдерін жеткізетін транспорттың санитарлық жағдайын
бақылау.**

(Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Салкынбаева А.А.)

2. Тағамдардың дайындалу мерзімі мен сатып алу мерзімін бақылау

(Мектеп медбикесі : Хулатая С)

**3.Ыстық тамақты дайындау технологиясын қажетті өнімдерді
мөлшерімен қадағалау**

(Мектеп медбикесі : Хулатая С)

1. Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А. Ол кісі қатысушыларды тамақ өнімдерін жеткізетін транспорттың санитарлық жағдайын бақылау туралы мәлімет берді. Комиссия мүшелері мектепке азық-түлікті жеткізетін көлік құралын тексерді. Көліктің ішкі жағдайы, тазалығы, өнімдерді орналастыру тәртібі, арнайы ыдыстардың болуы қаралды. Жеткізуші тарабынан тасымалдау кезінде температуралық режимнің сақталуы тексеріліп, өнімдердің қаптамасы мен құжаттары (сертификаттар, накладнойлар) көрсетілді. Тамақ өнімдерін жеткізетін транспорттың санитарлық жағдайы нормаға сай екені анықталды.

Қабылданған қаулы:Хабарды мәліметке алу

2. Екінші сұрақ бойынша тыңдалды мектеп медбикесі Хулатая С. Комиссия мүшелері мектеп асханасына жеткізілген азық-түлік өнімдерінің құжаттарын қарап, сатып алу күні мен тағамдардың дайындалу мерзімін тексерді.

- Дайын тағамдардың күнделікті ас мәзіріне және сақталу шарттарына сәйкестігі қаралды.
- Аспаз өнімдерді пайдалану кезінде FIFO қағидаты (бірінші келген – бірінші қолданылатын) сақталатынын растады.
- Ас үй журналдары мен температуралық режим журналдары тексерілді. Анықталды:
- Сатып алынған өнімдердің жарамдылық мерзімі сақталған.
- Дайын тағамдар күнделікті белгіленген уақытында әзірленіп, оқушыларға дер кезінде берілген.
- Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен өнімдер анықталмады
- Барлық құжаттар (накладной, сертификат) комиссияға көрсетілді.

Қабылданған қаулы:Хабарды мәліметке алу

3. Үшінші сұрақ бойынша тыңдалды мектеп медбикесі Хулатая С. Комиссия мүшесі мектеп асханасында әзірленген ыстық тағамдардың ас мәзіріне сәйкес дайындалуын және өнімдердің нақты мөлшермен қолданылуын тексерді. Аспазшы тағамның технологияға сәйкес дайындайтынын айтты.Ас мәзіріне сәйкес бір балаға арналған порция мөлшері мен тағам құрамындағы негізгі өнімдер тексерілді. Қолданылған азық-түлік өлшеніп, есептелген мөлшерде пайдаланылғаны көрсетілді. Тағамдар технологиялық талаптарға сай дайындалған. Порция көлемі мен өнім мөлшері бекітілген нормаға сәйкес. Қауіпсіздік және гигиена талаптары сақталған. Ыстық тамақ уақытында беріліп , тағамдардың температурасы тиісті деңгейде болғаны анықталды.

Қабылданған қаулы:Хабарды мәліметке алу

Шешімі: 1. Жеткізуші көлік санитарлық нормаларға сәйкес болуын тұрақты қадағалау.

2. Азық-түлік қабылдау кезінде мерзім мен сапаны тексеру қатаң жүргізілсін

3. Ыстық тағамдарды тек технологиялық картаға сәйкес дайындау қатаң бақылауға алынсын.

4 . Өнім мөлшері мен порция көлемі күнделікті бақылауда болсын.



Тағайындау саясатына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия

өкілдерінің төрайымы, мектеп директоры:

Хатшысы:

Исатаева Б.Г.
Хулатая С.

Исатаева Б.Г

Хулатая .С